

## САҒДИДІҢ «ГҮЛСТАН» ДАСТАНЫНЫҢ КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ СЕБЕБІ

**Құлжанова Бақытгүл Райханқызы**  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Филология және әлем тілдері факультеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы  
Ф.ғ.к., доцент  
Еуропалық Ғылыми-өндірістік Палатаның  
«Алтын медаль» және «Сапа дипломының» иегері.  
ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Үздік оқытушысы» атағының иегері.

XIII ғасырдың орта тұсы мен XIV ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі кезең Алтын Орда мемлекетінің нағыз гүлденген дәуірі болды. Бұл кезеңде бүкіл елге мұсылман діні кеңінен таралады. Алтын Ордаға мәдени күштер тасқындап келе бастайды. Сандаған ғимараттар, мешіттер, медреселер, кесенелер, сарайлар салынады, қалалар көркейеді. Алтын Орда тарихынан Мәмлүк Египетінің де алатын өзіндік орны бар. Бұл мемлекеттер кезінде дипломатиялық тұрғыдан ғана емес, мәдени жағынан да байланыс жасап тұрған [1,11-б.]. Египеттің көрнекті тарихшысы әрі филологы Амин әл-Холи өзінің «XIII- XIV ғасырлардағы Ніл мен Волганың арасындағы байланыстар» деген кітабында Алтын Орда мен Мысырдың мәдени қатынастарын сөз етеді. Сарай қаласында тұрып қызмет істеген Мысыр оқымыстыларының, сондай-ақ Мысыр астанасы Каирде тұрып қызмет істеген Алтын Орда ғалымдарының, ақын-жазушыларының есімдерін келтіреді [2 с.28-29].

Египетке барып, қызмет істеген ақын-жазушылардың бірі – Сейф Сарайи еді.

Сейф Сарайи кім? Ол қандай жағдайда өмір сүріп, қандай шығармалар жазған? Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Сарайи деген лақап атына қарап, оның Сарай қаласында тұрғандығын, бір себептермен Египетке келгендігін аңғаруға болады [3 с.19].

Шығыстың атышулы ақыны Сағдидің қаламынан туып, парсы тілінде жазылған «Гүлстан» дастанын Сейф Сарайи не себепті аударғандығы жөнінде өзінің еркін аудармасының кіріспесінде былай деп жазады: «Көктем күндерінің бірінде бақ ішінде, гүлдер арасында бірнеше аса білімді ғалымдармен бірге отырып, сөз нақышы (стилистика) туралы мәселелерді қозғадық. Мен тамаша бәйіттер, ғажап өлеңдер оқыдым. Сол мезетте отырған ғалымдардың ең үлкені менен аруз өлшемімен жазылған бір қиын бәйіттің ұйқасы туралы сұрады. Қолма-қол жауабын есітіп: «Ей, шетелдік жазушы, саған лайықты бір насихатым бар, қабыл етсең жақсы болар еді», – деді.» Бұйырыңыз», – дедім. «Бір дәулет иесінің атына, есімің дүниеде қалсын деп, шайқы Сағдидің «Гүлстанын» түркі тіліне аударсаң», – деді. Мен ол ғазиздың жақсы лепесін қабыл етіп: «Алла Тағалаға ұнаса аударып көрейін, алайда оның терең мағыналарына менің шамам жетпейді ғой», – дедім. Ол: «Ей, шетелдік жазушы, Алла көмектеседі», – деді. Жаратушыға арқа сүйеп, үмітімді жігер қайрағына жанып, «Е, Алла Тағала, аяқтауыма жәрдемдесе

гөр!» деп бастадым. Бұл кітап таңғажайып хикая, тамаша насихат және сан алуан ұшқыр сөздермен безеніп тұрғандықтан «Гүлстан» атанды.

Ақын бұдан кейін 87 бәйіт жазып, аудармасын Египеттің сол кездегі даңқты адамдарының бірі Тейхасқа арналғандығын айтады. Сағдидің кіріспе әңгімеден кейін Иранның билеушілерін мадақтаған жерін түгелдей тастап кетеді. Оның орнына жоғарыдағыдай өз туындыларын енгізеді.

Сөйтіп Сейф Сарайидің аудармасы 16-беттен басталып, 355-бетпен аяқталады. Автор өзінің соңғы сөзінде аудармасының 1391 жылы тамыз айында жазылып біткенін айтады. Кітабының соңында 8 түркі ақынының өлеңдері және олардың әрқайсысына Сейф Сарайидің дәл сол өлшеммен қайтарған жауаптары бар. Жалпы алғанда қолжазба 372 (үш жүз жетпіс екі) беттен тұрады. Әр бетте 13 (он үш) жолдан жазу бар. Ол Мәмлүк «насыхысы» деп аталатын өте сұлу, калиграфиялық әріптермен сирияның қара көк жібек қағазына жазылған.

Біздің заманымызға автордың тікелей өз қолымен жазылған бірде-бір қолжазбасы келіп жетпеген. Алайда бұл пікірді мына төмендегідей факті жоққа шығарады. Сейф Сарайидің аталған қолжазбасының кей жерлерінде түзетпелер, өңдеулер бар. Бұрын жазылған сөзді автордан басқа кім түзетіп, өңдеуі мүмкін? Көшірмешілер олай етпейді. Зерттеушілердің бірқатары осы түзетулерге қарап, автордың өз қолымен жазылған түпнұсқа деп таниды. Олай болса «Гүлстан бит-туркиді» автордың өз қолымен жазылған бірден-бір туындысы ретінде қарастыруға болады.

Сейф Сарайидің бұл қолжазбасы қазір Голландиядағы Лейден университетінде сақтаулы тұр. Көне түркі тілінде жазылған бұл туынды сонау Голландияға қандай жолмен, қалай барып жеткен деген заңды сұрақ туындайды.

Бұған медицина тарихшысы, профессор Феридун Нафиз Узлук мынадай жауап қайтарады: «Лейден кітапханасының негізін салушы Л. Варнер 1644-1655 жылдары Стамбұлда елшілікте қызмет істейді. Сол кездері өте көрнекті ғалым, әрі библиограф Катиб Чалабеймен дос болады. Л. Варнер елшілік қызметі аяқталып, еліне қайтарда Чалабейдің кітапханасынан бірнеше қолжазба алады». Феридун Нафиз Узлук бәлкім сол қолжазбалардың арасында «Гүлстан бит-туркиде» болуы ықтимал деп топшылайды. Бізінше, осы топшылау ақиқатқа жуықтайды.

«Гүлстан бит-турки» жайында бірінші рет 1851 жылы Голландия ғалымы Р. Доззи хабарлаған. Ол Лейден академиясындағы Шығыс қолжазбаларын сипаттауға арналған бір еңбегінде 1553 нөмерлі нұсқаға тоқтала келіп, бұл жазбаның Сағдидің «Гүлстанының» аудармасы екенін анықтаған. Ол аудармашының Сейф Сарайи екенін, аударманың түркі тіліне 1391 жылы жасалғанын, қолжазбаның соңында лирикалық өлеңдер бар екенін ескерткен. Р. Дозиден кейін бұл қолжазбаны Голландияның екінші бір атақты ғалымы М. Хоутсма, Венгрия ғалымы Тори Иозеф, түрік ғалымдары Рағиб Холуси, Ф. Көпүрүлзаде сөз етеді. Бірақ олардың барлығы Р. Дозидің айтқандарын қайталаудан аса алмайды.

Сейф Сарайидің туындысының ғылыми айналымға түсуіне жоғарыда аты аталған Феридун Нафиз Узлуктың еңбегі аса зор. Ол 1950 жылы Амстердамда (Нидерланды) болған медицина тарихшыларының халықаралық конференциясына қатысып, конференция аяқталған соң Лейден университетінің кітапханасында бірқатар уақыт жұмыс істеп, «Гүлстан бит-туркидің» фотокөшірмесін түсіріп алады. 1954 жылы шағын кіріспе жазып, Анкарада бастырып шығарады. Алайда Ф. Узлук қолжазбаны әдеби немесе лингвистикалық тұрғыдан тексеруді өзіне мақсат етпейді. Осы фотокөшірме жарыққа шыққаннан кейін ғана «Гүлстан бит-турки» шындап қолға алына бастайды, ғылыми айналымға түседі. Көне түркі тіліндегі осы мұраны зерттеуге әйгілі ғалым, профессор Әмир Наджип аса көп еңбек сіңірді. Ол бұл ескерткіштің морфологиясын жан-жақты талдап, тиісті тұжырым жасады. Сондай-ақ ескерткіштің сөздігін жасап, ескерткіште кездесетін барлық сөздерді қазіргі кездегі барлық түркі тілдерімен, біздің заманымызға келіп жеткен түркі тіліндегі барлық ескерткіштермен салыстырып шыққан. Әр сөз жеке-жеке мақала есебінде берілген [4.].

Ә. Наджип Ф. Узлук бастырған басылымның техникасы өте нашар екендігін айта отырып, былай деп жазады: «Көптеген беттер өте буалдыр. Соның нәтижесінде кейбір сөздер, тіпті кейбір жолдар өте қиын оқылады. Фотокөшірменің ең басты кемшілігі мынада: көптеген беттер шым-шытырық араласып, олардың рет нөмірі мүлдем шатасып кеткен». Бұлардың барлығын ғалым қосымша жұмыс істеп, ретке келтіреді. Бұдан соң «Гүлстан бит-турки» туралы Татарстанда Х.Ю. Миннегулов [5.], Өзбекстанда Н.А. Давронов [6.], кандидаттық диссертациялар қорғайды.

Белгілі түрколог, профессор Әмир Наджиптің пікірі бойынша, Сейф Сарайидің аудармасының негізіне қыпшақ тілі (қазіргі мұрагерлері – қазақ, қарақалпақ, ноғай т.б.тілдері) алынған. Алайда оған оғыз тілдерінің (қазіргі мұрагерлері – түрік, түркмен, азербайжан) елеулі әсері болған. Аудармада араб-прасы элементтері өте көп. Сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінде кездеспейтін көнерген сөздер де кездеседі.

Арнайы зерттеушілердің пікіріне қарағанда, Сейф Сарайидің аудармасын тура мағынасындағы аударма деп қарауға болмайды. Аударма авторы бірде қысқартып аударса, бірде өз жанынан сөз қосып, ұзартқан. Кейде белгілі бір әңгіменің мазмұнын ғана берсе, кейде жолма-жол дәл аударған. Тіпті кейбір жерлерін аудармай тастап кетіп отырған. Басқаша айтқанда, Сейф Сарайидің «Гүлстан бит-туркиін» Сағдидің «Гүлстанының» шығармашылықпен өзгертілген нұсқасы деп қарауға болады. Аударма өте жатық. Бұған мына шағын үзіндіден-ақ көз жеткізуге болады. Бір сұлтанның үш оғлы бар еді. Еккиси ұзын бойлы, сақыбжамал (өте көркем) дағы, бірі қысқа бойлы еді. Бір күн сұлтан бу қысқа бойлы оғлына хақарат (жаман) көзі била бақты. Оғлан парасат билан білді. Айтты «Ей, ата, ұзын бойлы ақымақтан, қысқа бойлы ақыл яхшырақ дурур». Бұл үзіндіні қазіргі қазақ оқырмандары да еркін түсіне алмай ма?

«Гүлстан» дастанында падишалар ғұмыры, дәруіштер дәстүрі, қанағат, үндемеудің жақсылығы, махаббат, жас дәурен, қарттық пен қайрат

қайтқандық, тәрбие тағылымы, өмір өрнектері немесе әдеп сұхбаты тақырыптары қамтылған.

Академик жазушы Садриддин Айни «Гүлстан» туралы былай деп жазады: «Сағди өз хикаяларында өзі жөнінде, достары жайында, замандастары туралы айтады. Өзі болған орындарды сурттейді, хикаяларында көптеген елдердегі ұзақ-ұзақ саяхаттардан алып қайтқан әсерлерін сәулелендіреді [7, б-б.]. Анығырақ айтқанда «Гүлстан» автордың көргенін көрген қалпында жіпке тізе берген естелік емес, бүкіл адамзаттық мәні бар мәселелерді толғаған дүниелер, шынайы шындықтар.

Мақала авторы «Гүлстан бит-туркиді» аудару үстінде [8.]. Көне түркі тіліндегі ғажап туынды ана тіліміздегі оқырмандармен жақын болашақта қауышады деген үміттеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV) салыстырмалы лексикасы. Алматы, «Қазақ университеті» 2006.
2. Аминь аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII- XIV вв. М., 1962.
3. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Еипта XIV века. АДД. 1965.
4. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Часть первая, часть вторая. Издательство «Наука» Каз ССР. Алма-Ата, 1975.
5. Минегулов Х.Ю. Переводы и оригинальные произведения Сейфа Сарай. АКД. Казань, 1972.
6. Давронов Н.А. Сайфи Сарай (жизнь и творчество) АКД. Ташкент, 1968.
7. Сағди. Гүлстан. Аударған М. Әлімбаев. Алматы, жазушы, 1991.
8. Құлжанова Б.Р. Әдеп күшті ме, әдет күшті ме? «Ана тілі» газеті. № 29 (1287), 23-29 шілде 2015 ж.